

Абсатова М.Б.<sup>1</sup>, Қайратқызы Ж.<sup>2</sup>, \*Шора Н.Т.<sup>3</sup>, Кудайбергенова М.Б.<sup>4</sup>  
<sup>1,2</sup> «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы  
<sup>3</sup> «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ  
<sup>4</sup> «Өрлеу» БАҰО» АҚ «Түркістан облысы бойынша кәсіби даму институты» филиалы  
<sup>1,2,3</sup> Қазақстан, Астана  
<sup>4</sup> Қазақстан, Түркістан  
<sup>1</sup>ORCID 0009-0005-2222-3576  
<sup>2</sup>ORCID 0000-0003-3827-8393  
<sup>3</sup>ORCID 0000-0001-9967-2285  
<sup>4</sup>ORCID 0009-0000-7881-730X  
email: shora\_n@orleu.edu.kz

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада оқушылардың әдеби шығармаларды қабылдау дағдыларын бағалау бойынша зерттеулер берілген. Шығармаларды оқу арқылы оқушы жазу, сыни ойлау мен талдау дағдыларын дамытады. Оқушының өз сенімін, пікірін, көзқарасын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді. Зерттеу барысында мектеп оқушыларының әдеби түсінігі мен әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары бағаланады, бұл олардың әдеби құзыреттілігін арттыруға, көркем шығармаларды оқуға, түрлі тапсырмаларды орындауға ықпал етеді. Зерттеуге Қазақстандағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 12-сынып оқушылары (саны – 1140) қатысты. Оқушылардың көркем әдебиетті оқу, оқиғаларды жеке өмірімен байланыстыруы, әдеби дағдыларды меңгеруі топтастыру негізінде қарастырылды. Әдеби шығарманы қабылдау дағдылары мен оқушылардың сөйлеу әрекеттері бойынша оқу жетістіктері арасындағы байланыс талданды. Нәтижесінде оқушылардың әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары жақсы деңгейде, ал автордың көзқарасын тану, мәтінге баға беру, бағалау дағдылары салыстырмалы түрде орташа екені белгілі болды. Оқушылар пәнге қатысты жақсы нәтиже көрсетті, ал әдеби шығармаларды қабылдау дағдыларын меңгеруі топтастыру кезінде әр сыныпта әртүрлі болды. Әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары неғұрлым жоғары болса, оқушылар әдебиетті оқуда жоғары білім деңгейін көрсете алатыны анықталды. Оқушылардың күшті және әлсіз жақтарын анықтау, оларға қажетті қолдау көрсету және оқу бағдарламаларын жетілдіру арқылы әдеби білім мен дағдыларды дамытуға ықпал етуге болады.

*Түйін сөздер:* әдеби шығармалар, бағалау дағдылары, оқу мақсаттары, сөйлеу әрекеттері, оқу үлгерімі, сауаттылық, нәтижелер.

***Kipicne.*** Қазіргі білім беру саласы жаңашылдық пен шығармашылыққа басымдық береді. Оқудағы жаңашылдық шығармашылықпен ойлануға, басқалармен шығармашылықта жұмыс істеуге, жаңашыл идеяларға әрекет етуге қатысты.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мектеп бағдарламасында жүйелі оқытылады. Оқушылардың әдеби тілді меңгеріп, кейіпкерлерге талдау жасай білуі бағаланады. Әдеби шығармаларды оқу сөздік қорды, ауызекі сөйлеуді және көркем шығармаларды зерттеудің ауқымды көлемін қамтиды. Бұл оқушылардың қиялын, мәдени талғамын және сюжет, тақырып, кейіпкерлер туралы сыни ойлауын жақсартады.

Аталған пән орта мектептің жалпы білім беру бағдарламасында оқушылар үшін, жоғары оқу орындарында тіл және әдебиетке қатысты мамандықты таңдаған студенттер үшін міндетті. Әдебиет оқушылардың түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ дағдыларын, тілдік пәндер оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым сияқты сөйлеу әрекеттері дағдыларын ұсынады және аталған дағдыларды бағалайды. Бұл оқушыларда түсіну мен талдауды меңгеруден басқа сезімталдықты, өзін-өзі тануды және әлем мен басқа адамдар туралы жақсы түсінікті қалыптастыруға көмектеседі.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде негізгі басымдық қазақ әдебиетінің мазмұнын, стилін, идеяларын және формаларын бағалай білу, анализ жасау, креативті ойлау дағдыларын дамытуға беріледі. Бұл рефлексия және өзіндік рефлексия дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, олар: өздері өмір сүретін қоғамға сырттай және өздерін дамыту үшін іштей баға беру

[1].

Зерттеу барысында Қазақстан өңірлеріндегі 20 Назарбаев Зияткерлік мектебінде 12-сынып оқушыларының әдеби шығармаларды қабылдау дағдыларын бағалау жұмысы жүргізілді. Бұл мұғалімдерге әдебиетке қатысты ресурстарды кеңінен пайдалануына және пәнді оқытудың әртүрлі әдістерін қолдана отырып, сыныпта оқытуды жақсартуға көмектеседі. Әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары мен оқушылардың оқу үлгеріміне қатысты зерттеулердің аздығы аталған жұмысты қолға алуға итермеледі.

*Әдебиеттерге шолу.* Әдебиет оқыған кездегі мәтінді түсінуден басқа дағдыларды да қажет етеді. Әдеби құзыреттілік дағдыларының бірі – әдеби шығармаларды қабылдау дағдыларын бағалау. Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқышында»: ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау, көңіл ісі – түйю, талғау, бағалау, – деп сөз өнерін адам санасының үш негізіне алып келеді [2]. Кристин Зайферт өз мақаласында көркем әдебиетті оқу маңызды артықшылықтар әкелуі мүмкін екенін, көркем әдебиетті оқу әлеуметтік өткірліктің жоғарылауын және басқа адамдардың мотивтерін түсінудің, баға берудің айқын қабілетін болжайтынын анықтады [3]. Әдеби құзыреттіліктің дамуы оқушылардың жеке тұлға ретінде құндылықты түсінуіне, бағалауына мүмкіндік береді.

Ханна Франкман: «Әдеби шығармалардың ерекше күші бар: біреудің санасына толығымен батыратын, өзіндік баға беретін күш. Бұл жазудың, тіпті қарым-қатынастың барлық түрлеріне де қатысты деп айтуға болады, көркем әдебиет басқалар жасай алмайтын ерекше формаларды жасайды», – деп көрсетеді [4]. Сондықтан әдеби шығармаларды қабылдауды бағалау – әдебиетті оқытудың маңызды нәтижелерінің бірі. Сол сияқты, Рахма Ибрагим Аль-Махруки «Әдебиет тілдік құрылымды оқытумен қатар, бір мезгілде оқушылардың сезімталдығын, эмоциясын, жоғары дәрежелі ойлауын оятады. Әдебиет тілді жандандырады және оқу процесін, үлгерімді күшейтеді. Сөздік қор, дұрыс синтаксис өздігінен жүреді және оқушылар грамматикалық тұрғыдан тілді қолдануды үйренеді», – деп тұжырымдайды [5]. Әдебиет – бұл қолданылатын тілдің мысалы және тілді қолданатын контекст. Сондықтан көркем шығармалар тілін сөйлеу әрекетіндегі тіл ретінде үйренуді оқушылардың тілдік жүйе аспектілерін түсінуін, баға беруін жақсарту ретінде қарастыруға болады. Огенвеле (2006) оқушылардың әдеби шығармаларды қабылдауын бағалауды көркем әдебиет туындыларын зияткерлік немесе академиялық жаттығу ретінде анықтайды [6]. Ал Мину Алеми: «Мұғалімдер әдеби шығармалардың мәтіндерін оқушылардың тілді меңгеру деңгейіне сәйкес таңдауы керек. Егер оқушылар лингвистикалық тұрғыдан әдеби шығармалармен жұмыс істеуге дайын болмаса, олар жалығуы мүмкін. Әдеби шығарманың тілі жеткілікті түрде түсінікті және оқушылардың лингвистикалық деңгейіне сәйкес келсе, олар әдеби шығармаларды көбірек оқығысы келеді, әрі тәжірибеде қолдана алады», – деген пікір білдіреді [7]. Суканья Каовиваттанакул өз зерттеуінде деректерді талдау барысында қатысушылардың сабақта қолданылатын әдеби шығармаларға деген көзқарасын: сюжет қызықты және тартымды (1), оқиғаның мазмұны нақты өмірімен байланысты болды (2); ал мәтіндер сыни ойлау мен мәдениетаралық түсіністік дағдыларын дамытуға ықпал етті (3) деген үш аспект бойынша анықтағанын атап көрсетеді [8]. Саломе Пападима-Софоклус барлық деректерді зерттеу және талдауда қолданылған жаңа әдістер әдебиетті оқытуда жиі қолданылатын әдістерден өзгеше болғанын, жаңа әдістерді бірге қолдану оқушылардың әдеби шығармаларды оқуына үлкен өзгеріс әкелгенін, бұл олардың әдебиетті оқуға деген ынтасының артуына үлкен ықпал еткенін атап өтті [9].

Мектепте нақты әдістерді, дұрыс бағалау құралдарын қолданғанда мұғалім оқу мақсатына оңай жетеді. Сондықтан мұғалімдер оқу мақсаттарына жету үшін тиімді құрал ретінде оқу іс-әрекеттерін қолдайтын әдістерді, бағалау құралдарын қолдануы керек.

Жоғарыда аталған зерттеулерге сәйкес оқушылардың әдебиет пен оқу дағдыларын жақсарту үшін инновациялық оқу тапсырмаларын қолдануға баса назар аударылады.

Зерттеулер инновациялық оқу міндеттерін қолдану арқылы әдебиетті оқытуды қолдау, бағалау үшін пайдаланылды.

Шкипе Хашихисени (2013) мұғалім сыныпта оқытудың және бағалаудың тиісті әдіс-тәсілдерін қолданған кезде, әдебиетті оқыту пәнді меңгеруге ынталандырады және қызықтырады. Сабақта инновациялық оқу міндеттерін, бағалау құралдарын қолдана отырып, оларды оқытуды қалай жақсартуға болатындығын анықтауға мүмкіндік береді деп атап өтеді [10].

Ал Кортни және бірлескен авторлар зерттеуі (2022) Жаңартылған білім беру мазмұны (UCE) реформасының Қазақстандағы кейбір сынып оқушыларының сауаттылығын дамыту әсеріне талдау жасады. Қазақ, орыс және ұйғыр тілді оқушыларды қамтыған лонгитюдтік зерттеу барысында UCE енгізген пилоттық мектептер бақылау топтарымен салыстырғанда, әсіресе оқудың алғашқы жылдарында сауаттылық көрсеткіштерінің өсу қарқынын жоғары көрсеткені анықталды. Авторлар жаңартылған оқу бағдарламасы, тиімді бағалау құралдары көптілді білім беру жағдайында функционалдық сауаттылыққа оң әсер етеді және мемлекеттік, аймақтық, этникалық тілдердің үйлесімі де өзекті болып табылатын басқа посткеңестік және Орталық Азия елдері үшін пайдалы болуы мүмкін деген қорытындыға келді [11].

Мұғалімдер оқушылардың оқуына көмектесіп, функционалдық сауаттылығын, тілді меңгеру сапасын арттыру үшін тиімді оқу тапсырмаларын, оңтайлы бағалау құралдарын жасай білуі керек. Осыған байланысты оқушылардың әдеби шығармаларды қабылдау дағдыларын жақсарту мақсатында бірқатар инновациялық оқыту стратегияларын, бағалау құралдарын ұсыну үшін мектеп оқушыларының әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары мен оқу қабілеттерін зерттейтін зерттеу жүргізу қажет болды.

Мақалада Қазақстан өңірлеріндегі 20 Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушыларының әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары деңгейі бағаланады, бұл әдебиет мұғалімдері тиімді болу үшін қолдана алатын оқыту, бағалау мен стратегияларды кеңейтудің түпкі мақсаты болып табылады. Зерттеу оқушылардың әдеби шығармаларды қабылдау дағдыларын арттыру үшін инновациялық оқыту міндеттерін тиімді пайдалануды қолдайды.

**Әдістер мен материалдар.** Осы зерттеу оқушылардың әдеби шығармаларды қабылдау дағдыларының деңгейін анықтауға бағытталған. Атап айтқанда, ол:

1. оқушылардың әдеби шығармаларды оқып, түсіну дағдыларының деңгейін анықтауға (сауалнама арқылы);

2. оқушылардың әдебиет пәнінен оқу үлгерімін анықтауға (жиынтық бағалаулар);

3. мектептердегі жынысы мен сыныптарға топтастырылған оқушылардың оқу үлгерімі мен әдеби шығармаларды қабылдау дағдыларының арасындағы айырмашылықты анықтауға (сауалнама және жиынтық бағалау);

4. оқушылардың әдебиет сабағындағы оқу үлгерімі мен олардың әдебиет пәніне сыртқы жиынтық бағалау бойынша дағдыларының деңгейі арасындағы маңызды байланысты тексеруге бағытталған (сыртқы жиынтық бағалау).

Зерттеу жұмысында бағалау және корреляциялық зерттеу дизайнына сәйкес сипаттамалық әдіс қолданылды. Ол оқушылардың әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары мен әдеби қабілеттерін неғұрлым мағыналы әдеби туындыларды оқуға ықпал ету үшін зерттеуге арналған.

Қатысушылар: Қазақстан өңірлеріндегі 20 Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушылары. Зерттеуге қатысушылар саны – 1140, оның 498-і – ер бала, 642-сі – қыз бала. Оқушылардың қатысуы – ерікті. Респонденттерге жиналған мәліметтер қатаң құпиялылық қағидаларына сәйкес өңделетіні туралы ақпарат берілді.


Зерттеуде екі зерттеу құралы қолданылды. Біріншіден, әдебиеттегі түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ дағдыларын өлшеу үшін 9 сұрақтан тұратын сауалнама қолданылды. Зерттеу құралдарының ішкі сәйкестігі үшін алдын ала тексеріліп, Кронбах альфа мәні қолданылды. Екіншіден, ағымдық бағалау

қорытындысы мен сыртқы жиынтық бағалау нәтижесі алынды. Зерттеу құралдары тақырыптық талдаудан өтті, Кронбах альфа, орташа нәтижесі алынды.

**Нәтижелер мен оларды талқылау.** Оқушылардың үлгерім деңгейі және олардың әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары туралы мәліметтерді талдау үшін орташа, стандартты ауытқу, жиілік және пайыз сияқты сипаттамалық статистика қолданылды. Талдау жасалған логикалық статистика таңдалған айнымалыларға сәйкес топтастыру кезінде маңызды айырмашылықты және әдеби шығармаларды қабылдау дағдыларын тексеру үшін пайдаланылды.

Әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары бойынша сауалнама сұрақтары және оның нәтижелері төмендегідей:


Мұнда қатысушылардың 9 әдеби шығарманы қабылдау дағдылары бойынша жетістік деңгейі көрсетілген. 1-суретте сауалнамаға қатысқан барлық оқушылардың пайыздық үлесі берілген. Ал 2-суреттегі жауап көрсеткіштері оқушылардың жынысына байланысты ұл бала, қыз бала деп жіктеледі.



1-сурет. Барлық оқушылардың сұрақтарға қатысты пайыздық көрсеткіші  
Дереккөз: авторлар әзірлеген.

1-сурет бойынша алынған сауалнама нәтижелері респонденттердің әдеби шығармаларды түсіну, талдау және бағалау дағдылары туралы жалпы түсінік береді. Алайда жекелеген сұрақтар бойынша алынған нәтижелерді талдау арқылы біз оқушылардың күшті және әлсіз жақтарын анықтай алдық. Жоғары нәтиже көрсеткен сұрақтардың қатарына «шығарманың тақырыбын, идеясын, көтерілген мәселені анықтауды» жатқызуға болады. Бұл сұраққа

респонденттердің 59% «жақсы» және «өте жақсы» деп жауап берген. Мұндай нәтиже олардың мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуде қиналмайтындықтарын көрсетеді. «Автор мен оқырманның қарым-қатынасын анықтау» сұрағы да жақсы нәтиже көрсеткені анықталды. Бұл сұраққа да респонденттердің 58% «жақсы» және «өте жақсы» деген жауап беріп, мәтіндегі автордың көзқарасын анықтау және оны өз ойларымен салыстыру дағдыларының қалыптасқанын көрсетті. Төмен нәтиже көрсеткен сұрақтардың бірі – «ойды креативті жеткізу (өлең, хат, әңгіме, эссе, блог, әңгімелеу және суреттеу мәтіндері, қысқа сценарий және т.б.)». Бұл сұраққа респонденттердің тек 26% «жақсы» және «өте жақсы» деп жауап беріп, өз ойларын әртүрлі форматта жеткізуде қиындықтарға тап болатындығын көрсеткен. Ал «Көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу» сұрағына респонденттердің 24% «жақсы» және «өте жақсы» деп жауап берген. Бұл олардың өз ойларын ашық айтуда және басқалардың пікірін тыңдауда қиналатындығын көрсетеді.



2-сурет. Оқушылардың жыныс бөлінісіндегі жауаптар деңгейі

Дереккөз: авторлар әзірлеген.

2-суретте көрсетілген ұл балалар мен қыз балалардың жауаптары тұрғысынан талдайтын болсақ, жалпы алғанда, айтарлықтай өзгешелік байқалмайды. Көптеген сұрақтар бойынша ұлдар мен қыздардың орташа балдары бір-біріне жақын. Кейбір сұрақтарда ғана айырмашылық бар екені байқалады. Мысалы, «Ойды креативті жеткізу» сұрағы бойынша 1,12% ауытқу бар екені көрінеді, яғни қыздар ұл балаларға қарағанда өздерін сәл жоғары бағалаған. Бұл әлеуметтік стереотиптермен байланысты болуы да мүмкін.

Жоғарыдағы нәтижелерге қарағанда, респонденттер мәтінді түсіну және негізгі идеяны анықтау дағдыларын жақсы меңгерген. Алайда өз ойларын шығармашылықпен жеткізу және

көпшілік алдында сөйлеу дағдыларында әлі де кемшіліктер бар екендігі және оларды жетілдіру қажеттілігі анықталды.

*Тілдік дағдылар бойынша оқушылардың үлгерім нәтижелерін талдау*

1-кестеде берілген мәліметтерге сәйкес, оқушылардың барлық тілдік дағдылары бойынша орташа деңгейдегі нәтижелер байқалады. Әсіресе, «жақсы» және «өте жақсы» деңгейлеріндегі нәтижелер басқаларына қарағанда жоғары. Бұл оқушылардың тілдік дағдыларының жалпы алғанда қанағаттанарлық деңгейде екенін көрсетеді.

1-кесте. Тілдік дағдылар бойынша оқушылардың үлгерім нәтижелері

Жынысы	Тыңдалым/Айтылым, %					
	Өте төмен, %	Төмен, %	Орташа, %	Жақсы, %	Өте жақсы, %	Нәтижесі
Ұл балалар	2,31	10,94	5,32	52,31	29,12	100,00
Қыз балалар	1,25	8,72	7,48	50,23	32,32	100,00
Барлығы	1,71	9,69	6,54	51,14	30,92	100,00
Жынысы	Оқылым, %					
	Өте төмен, %	Төмен, %	Орташа, %	Жақсы, %	Өте жақсы, %	Нәтижесі
Ұл балалар	1,74	14,79	5,09	55,89	22,49	100,00
Қыз балалар	1,35	9,66	6,18	53,89	28,92	100,00
Барлығы	1,52	11,90	5,70	54,77	26,11	100,00
Жынысы	Жазылым, %					
	Өте төмен, %	Төмен, %	Орташа, %	Жақсы, %	Өте жақсы, %	Нәтижесі
Ұл балалар	3,31	12,30	6,43	52,06	25,90	100,00
Қыз балалар	2,06	8,53	6,39	51,32	31,70	100,00
Барлығы	2,61	10,18	6,40	51,64	29,17	100,00

Дереккөз: авторлар әзірлеген.

Жыныс бөлінісіне қарай салыстыратын болсақ, «Тыңдалым/Айтылым» дағдысы бойынша ұлдар мен қыздар арасындағы мынадай айырмашылықты байқауға болады: «өте жақсы» және «орташа» деңгейде қыздардың үлесі басым болса, «жақсы», «төмен», «өте төмен» деңгейінде ұлдардың үлесі басым. «Оқылымда» да дәл осындай көрсеткішті бақылауға болады. Бұл қыздардың ақпаратты қабылдау және түсіну қабілеттерінің ұлдарға қарағанда жоғары екендігін көрсетеді. Ал «Жазылымда» «өте жақсы» деңгейде қыздар ұлдардан 5,8% жоғары нәтиже көрсетуі ұлдардың «Жазылым» дағдысына қатысты қабілеттерін дамыту қажеттігін байқатады. «Жақсы», «орташа» деңгейлерде нәтижелері бір-бірімен шамалас болуы осы деңгейдегі тапсырмаларды орындау үшін қажетті дағдылардың екі жыныстағы оқушыларда да шамамен бірдей дамығанын көрсетеді. «Төмен», «өте төмен» деңгейлер бойынша әдеттегідей ұлдардың үлесі қыздарға қарағанда басымдау. Жалпы алғанда, берілген мәліметтер оқушылардың тілдік дағдыларының жақсы деңгейде екенін және ұлдар мен қыздар арасындағы тілдік дағдыларда айырмашылықтар бар екенін көрсетеді.

2-кестедегі деректерге сүйенсек, барлық үш бағалау түрі арасында оң корреляция байқалады. Бұл бір бағалауда жоғары нәтиже көрсеткен оқушылар басқа бағалауларда да жоғары нәтиже көрсетуге бейім дегенді білдіреді. Бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) мен тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) арасындағы корреляция ең жоғары (0,8088) көрсеткішке ие. Бұл логикалық түрде дұрыс болып табылады, өйткені бұл екі бағалау түрі де оқушының білімін үнемі бақылауға бағытталған. Сыртқы жиынтық бағалау (ЖБ) – Бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) – тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) арасындағы корреляция сәл төменірек (0,4566 және 0,4794). Бұл жиынтық бағалаудың оқушының білімін кеңірек бағалайтындығымен байланысты болуы мүмкін. Берілген мәліметтерге сәйкес, Бөлім

бойынша жиынтық бағалау (БЖБ), тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) және сыртқы жиынтық бағалау бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл осы үш бағалау түрі арқылы алынған нәтижелер бір-бірін толықтырып, оқушының білім деңгейі туралы сенімді ақпарат беретіндігін білдіреді.


2-кесте. Бөлім бойынша жиынтық бағалау – Тоқсандық жиынтық бағалау – Сыртқы жиынтық бағалау арасындағы корреляция

Бағалау	Сыртқы жиынтық бағалау	Бөлім бойынша жиынтық бағалау	Тоқсандық жиынтық бағалау
Сыртқы жиынтық бағалау	1,0000	0,4566	0,4794
Бөлім бойынша жиынтық бағалау	0,4566	1,0000	0,8088
Тоқсандық жиынтық бағалау	0,4794	0,8088	1,0000

Дереккөз: авторлар әзірлеген.

3-суреттегі мәліметтерге сәйкес оқушылардың бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) тапсырмаларын орташа есеппен жақсы орындағанын байқауға болады. Бұл оқу бағдарламасының мазмұны оқушылар үшін қолжетімді және олардың білім деңгейі жақсы екенін көрсетеді. Әсіресе, «Тыңдалым» және «Айтылым» дағдылары бойынша нәтижелер жоғары. Жыныс бөлінісінде салыстыратын болсақ, қыздар барлық дағдылар бойынша ұлдарға қарағанда жоғары нәтиже көрсеткен. Ұлдар «Тыңдалым/Айтылымнан» (5,1%), «Оқылымнан» (7,2%), «Жазылымнан» (6,6%) қыздарға қарағанда төмен нәтиже көрсеткені байқалады. Бұл ұлдардың осы дағдыларды дамытуда қыздарға қарағанда қиындықтарға тап болатынын көрсетеді. Жалпы алғанда, берілген мәліметтер оқушылардың бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) тапсырмаларын жақсы орындағанын көрсетеді. Оқушылардың тілдік дағдыларының дамуында жыныс факторының маңызды рөл атқаратынын айтуға болады. Қыздардың тілдік дағдылары ұлдарға қарағанда жоғары болғанымен, бұл барлық ұлдардың тілдік дағдылары төмен дегенді білдірмейді. Әр баланың дамуы жеке болады.

Келесі зерттеу мәселесі – ұл балалар мен қыз балалардың оқу жетістіктерін жыныс бөлінісінде қарастыру. 3-кестеде бұл мәселе бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ), тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) орындау деңгейіне қатысты сараланады.



3-сурет. БЖБ – ТЖБ орташа орындалу пайызы, %

Дереккөз: авторлар әзірлеген.

3-кестедегі мәліметтерді талдай келе, барлық бағалау түрлері бойынша қыздардың орташа балы ұлдардың орташа балынан жоғары екені анықталды. Бұл оқушылардың оқу жетістіктеріндегі жынысына қатысты айырмашылықты көрсетеді. Дағдылар бойынша салыстыруға келсек, қыздардың «Тыңдалым/Айтылым», «Оқылым» дағдылары ұлдарға қарағанда жақсы дамыған. Бұл айырмашылық бөлім бойынша жиынтық (БЖБ) және тоқсандық жиынтық (ТЖБ) бағалауларында да айқын көрінеді. Бағалау түрлері бойынша салыстыратын болсақ, бөлім бойынша жиынтық (БЖБ) бағалауында қыздардың барлық дағдылар бойынша жоғары нәтиже көрсеткені байқалады («Тыңдалым/Айтылым» – 5,5 %; «Оқылым» – 6,3%; «Жазылым» – 7%). Тоқсандық жиынтық (ТЖБ) бағалауында да жалпы алғанда қыздар ұлдарға қарағанда жоғары нәтиже көрсеткен («Тыңдалым/Айтылым» – 4,5 %; «Оқылым» – 8,2%; «Жазылым» – 6,1%). Сараптай келе, қыздардың орташа балы ұлдардың орташа балынан жоғары екендігіне көз жеткізуге болады. Берілген мәліметтерге сәйкес, қыздардың тілдік дағдылары ұлдарға қарағанда жақсы дамыған. Бұл құбылыстың бірнеше себебі болуы мүмкін. Қыздар бос уақытын үнемі кітап оқуға, әңгімелесуге жұмсауы ықтимал. Ал ұлдардың қызығушылығы басқа салаларға бағытталуы мүмкін деген болжам жасауға болады. Оқыту процесінде осы айырмашылықты ескере отырып, барлық оқушылардың потенциалын дамытуға бағытталған әдістерді қолдану қажет.

3-кесте. Оқушылардың оқу жетістіктері (бөлім бойынша жиынтық (БЖБ) және тоқсандық жиынтық (ТЖБ) бағалаулар) жыныс (ұл/қыз балалар) бөлінісінде

Бағалау	Тыңдалым/Айтылым			Оқылым			Жазылым			Жалпы қорытынды
	Ұл балалар	Қыз балалар	Барлығы	Ұл балалар	Қыз балалар	Барлығы	Ұл балалар	Қыз балалар	Барлығы	
бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ)	85,9	91,4	88,9	81,0	87,3	84,3	78,1	85,1	81,8	85,0
тоқсандық	88,2	92,7	90,6	70,4	78,6	74,7	74,6	80,7	77,9	81,1

жиынтық бағалау (ТЖБ)										
<b>Жалпы қорытынды</b>	<b>86,9</b>	<b>92,0</b>	<b>89,6</b>	<b>76,4</b>	<b>83,6</b>	<b>80,2</b>	<b>76,6</b>	<b>83,2</b>	<b>80,1</b>	<b>83,3</b>

Дереккөз: авторлар әзірлеген.

Ұл балалар мен қыз балалардың оқу жетістіктерін жыныс бөлінісінде қарастыруды тоқсан бойынша саралайтын болсақ, төмендегідей нәтижелерді көруге болады (4-кесте):

4-кесте. Оқушылардың тоқсандық оқу жетістіктері жыныс (ұл/қыз балалар) бөлінісінде

Тоқсан	Тыңдалым/Айтылым			Оқылым			Жазылым			Жалпы қорытынды
	Ұл балалар	Қыз балалар	Барлығы	Ұл балалар	Қыз балалар	Барлығы	Ұл балалар	Қыз балалар	Барлығы	
1	84,7	90,5	87,8	74,1	81,3	77,9	73,4	80,9	77,4	81,0
2	87,1	92,0	89,7	75,0	82,0	78,7	77,3	83,6	80,6	83,0
3	88,3	92,9	90,7	76,1	83,9	80,3	77,2	83,7	80,7	83,9
4	88,3	92,9	90,8	84,6	90,5	87,8	80,4	86,2	83,5	87,3
<b>Жалпы қорытынды</b>	<b>86,9</b>	<b>92,0</b>	<b>89,6</b>	<b>76,4</b>	<b>83,6</b>	<b>80,2</b>	<b>76,6</b>	<b>83,2</b>	<b>80,1</b>	<b>83,3</b>

Дереккөз: авторлар әзірлеген.

4-кестедегі зерттеу нәтижелері қыздардың тілдік дағдылары орта есеппен алғанда ұлдарға қарағанда жоғары екенін көрсетеді. Бұл айырмашылық барлық тоқсанда және барлық тілдік дағды бойынша байқалады. Бұл оқушылардың жынысына қатысты оқу жетістіктеріндегі айырмашылықтың тұрақты екенін көрсетеді. Дағдылар бойынша салыстыруға келсек, барлық тоқсанда қыздардың «Оқылым» дағдылары ұлдарға қарағанда жақсы дамыған. Басқа дағдыларға қарағанда («Тыңдалым/Айтылым» – 5,1 %; «Оқылым» – 7,2%; «Жазылым» – 6,6%) айырмашылық ең айқын байқалатын дағдылардың бірі «Оқылым» екендігін айтуға болады.

Тоқсандар бойынша жыл бойы тұрақтылық сақталғаны байқалады. Барлық тоқсандағы нәтижелерді салыстырғанда, жалпы тенденция өзгермеген. Қыздар барлық тоқсанда ұлдарға қарағанда жоғары нәтиже көрсетеді. Сонымен қатар нәтиженің жақсару динамикасын да көруге болады. Кейбір жағдайларда оқушылардың орташа балдары тоқсан сайын (әсіресе, 4-тоқсанда) аздап өсіп отырғаны байқалады, бұл оқу процесінің тиімділігін көрсетеді.

Берілген мәліметтерге сәйкес, қыздардың тілдік дағдылары ұлдарға қарағанда жақсы дамыған. Жоғарыда айтылғандай, бұл құбылыстың бірнеше себебі болуы мүмкін. Оқыту процесінде осы айырмашылықты ескере отырып, барлық оқушылардың потенциалын дамытуға бағытталған әдістерді қолдану қажет.

Ұл балалар мен қыз балалардың оқу жетістіктерін жыныс бөлінісінде қарастыруды өңірлер бойынша жіктейтін болсақ, өңірлерде орналасқан Зияткерлік мектепте білім алатын оқушылардың төмендегідей нәтижелерін алуға болады (5-кесте):

5-кесте. Оқушылардың оқу жетістіктері жыныс (ұл/қыз балалар) және өңірлер бөлінісінде

Қала	Тыңдалым/Айтылым			Оқылым			Жазылым			Жалпы қорытынды
	Ұл балалар	Қыз балалар	Барлығы	Ұл балалар	Қыз балалар	Барлығы	Ұл балалар	Қыз балалар	Барлығы	

Ақтау	84,0	89,1	86,7	69,9	79,7	75,1	71,1	77,8	74,6	78,8
Ақтөбе	80,6	89,5	85,0	71,7	80,4	76,0	70,9	79,1	75,0	78,7
Алматы	90,6	92,8	91,9	81,8	84,9	83,6	82,6	86,2	84,6	86,7
Атырау	92,5	94,9	93,7	74,4	77,7	76,1	80,3	82,0	81,2	83,7
Көкшетау	81,1	90,5	86,4	72,0	85,3	79,4	71,9	83,2	78,3	81,3
Қарағанды	92,2	95,5	94,1	82,8	88,6	86,2	81,2	86,5	84,3	88,2
Қостанай	88,3	92,6	90,6	75,5	79,9	77,8	75,2	82,1	78,9	82,4
Қызылорда	83,3	90,9	87,2	76,2	86,3	81,4	75,4	85,3	80,5	83,1
Астана	78,2	86,1	82,0	70,5	79,9	75,0	72,1	79,9	75,9	77,6
Орал	83,0	92,1	87,6	71,5	83,5	77,6	71,9	84,0	78,1	81,1
Өскемен	96,5	98,4	97,6	84,2	88,0	86,4	82,9	86,2	84,8	89,6
Павлодар	86,8	92,8	90,3	78,0	85,0	82,1	74,1	81,7	78,6	83,7
Петропавл	91,3	95,4	93,6	71,0	79,6	75,8	65,2	75,2	70,8	80,1
Семей	81,8	86,6	84,7	71,5	79,2	76,2	73,9	81,8	78,7	79,9
Талдықорған	89,4	93,7	91,2	74,7	81,4	77,6	77,0	82,8	79,5	82,8
Тараз	93,6	97,9	95,6	77,3	89,1	82,8	80,9	89,4	84,8	87,7
Шымкент	87,1	90,2	88,7	82,9	86,4	84,7	81,8	85,5	83,7	85,7
<b>Жалпы</b>	<b>86,9</b>	<b>92,0</b>	<b>89,6</b>	<b>76,4</b>	<b>83,6</b>	<b>80,2</b>	<b>76,6</b>	<b>83,2</b>	<b>80,1</b>	<b>83,3</b>

Дереккөз: авторлар әзірлеген.


5-кестедегі мәліметтерге сәйкес, Зияткерлік мектептердегі оқушылардың оқу жетістіктерінде айтарлықтай айырмашылықтар бар. Барлық Зияткерлік мектеп және барлық дағды бойынша қыздардың орташа балы ұлдарға қарағанда жоғары. Бұл жалпы тенденция барлық Зияткерлік мектеп бойынша байқалады. Сонымен қатар Зияткерлік мектептер арасындағы орташа балдың айтарлықтай ауытқуы көрінеді. Кейбір мектептерде оқушылардың орташа деңгейі жоғары болса, басқа мектептерде төмендеу. Дағдылар бойынша салыстыруға келсек, барлық Зияткерлік мектепте қыздардың «Тыңдалым/Айтылым» дағдылары ұлдарға қарағанда 5,1 %, «Оқылым» дағдысынан 7,2 %, «Жазылым» дағдысынан 6,6 % жақсы дамығанын байқаймыз.

Зияткерлік мектептер бойынша келесідей нәтижелерді байқауға болады: Алматы, Атырау, Қарағанды, Өскемен, Павлодар, Петропавл, Тараз қалаларындағы оқушылардың орташа балдары жоғары болып, жақсы нәтиже көрсеткен; Ақтау, Ақтөбе, Астана, Орал, Семей қалаларындағы оқушылардың орташа балдары салыстырмалы түрде төмен, сәйкесінше төмен нәтижеге ие болған.

Берілген мәліметтерге сәйкес, Зияткерлік мектептердегі оқушылардың оқу жетістіктерінде айтарлықтай айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді. Сондықтан осы айырмашылықтардың себептерін анықтау үшін қосымша тереңдетілген зерттеулер жүргізу қажет.

*Бөлім бойынша жиынтық бағалау, Тоқсандық жиынтық бағалау және Сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерінің салыстырмалы талдауы:*

4-суреттегі қорапшалы диаграмма түріндегі график мәліметтердің таралуы туралы жақсы түсінік береді. Графиктегі қорапшалар бір-біріне жақын орналасқан, бұл үш бағалау түрі нәтижелерінің өзара байланыстылығын көрсетеді. Алайда әрбір дағды бойынша кейбір айырмашылықтардың бар екені байқалады.



4-сурет. Бөлім бойынша жиынтық бағалау-тоқсандық жиынтық бағалау-сыртқы жиынтық бағалау арасындағы байланыс

Дереккөз: авторлар әзірлеген.

Мысалы, «Тыңдалым/Айтылым» дағдыларында бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) нәтижелерінің сәл жоғарылауы байқалады. Бұл бөлім бойынша жиынтық (БЖБ) бағалауында «Тыңдалым» және «Айтылым» дағдыларына баса назар аударылғанымен байланысты болуы мүмкін. «Оқылым» дағдысы бойынша бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) мен тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) нәтижелері бір-бірімен жуықтау, ал сыртқы жиынтық бағалау нәтижелерінің төмендігі байқалады. Жазылым дағдысында тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) нәтижелерінің басқа бағалау түрлеріне қарағанда жоғары екендігі байқалады. Мұны жазылым жұмыстарында берілетін тапсырмалар сапасының әртүрлілігіне байланысты болуы мүмкін деп болжауға болады. Бағалау түрлеріндегі мұндай айырмашылықтар бөлім бойынша жиынтық (БЖБ) және тоқсандық жиынтық (ТЖБ) бағалау критерийлері мен тапсырма мазмұны оқушыларға таныс, сондықтан олар осы бағалау түрлерінде жақсы нәтиже көрсетуі ықтимал. Ал сыртқы жиынтық бағалау, әдетте, стандартталған және оқушыларға жаңа тапсырмалар мен сұрақтар ұсынады. Бұл олардың күйзеліс жағдайына тап болуына және нәтижелерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар сыртқы жиынтық бағалаудың жоғары деңгейдегі күрделілігіне және бағалау процесіндегі өзгешеліктерге байланысты болуы да ықтимал.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижелері бойынша Зияткерлік мектептердің 12-сынып оқушыларының әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары мен тілдік дағдыларының деңгейі, оқу үлгерімі туралы маңызды мәліметтер алынды. Жалпы алғанда, оқушылардың әдеби шығармаларды түсіну, талдау және бағалау дағдылары жақсы деңгейде дамығаны байқалды. Оқушыларда мәтінді түсіну мен негізгі идеяны анықтау дағдылары жоғары. Дегенмен шығармашылық ойды жеткізу мен көпшілік алдында сөйлеу дағдыларында белгілі бір кемшіліктер бар екені анықталды. Оқушылардың ойды креативті жеткізу, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларының төмен деңгейі оқыту процесіндегі кейбір кемшіліктерді көрсетеді. Бұл мәселені шешу үшін мұғалімдер мен оқушылар бірлесіп жұмыс істеуі керек.

Оқушылардың үлгерім деңгейін зерттеу арқылы олардың әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары арасындағы байланыс анықталды. Әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары неғұрлым жоғары болса, оқушылар әдебиетті оқуда жоғары білім деңгейін көрсете алады. Бұл оқушыларға адамның эмоциясын, ойын, тақырыбы мен идеясын, әртүрлі әдеби мәтіндерде

берілген адамның маңызды өмірлік тәжірибесін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушылардың әдеби шығармаларды қабылдау дағдылары олардың пәнге деген қызығушылығына да әсер етуі мүмкін. Қызығушылық деңгейі жоғары оқушылардың үлгерімдері де, әдетте, жақсы болады. Зерттеу нәтижелері оқушылардың әдеби шығармаларды оқуының тиімділігі олардың әдеби шығармаларды қабылдау дағдыларына байланысты екенін білдіреді. Сондықтан әдебиет сабақтарында мұғалімдер оқушыларды әдеби оқу дағдыларын жақсарту үшін әдеби шығармаларды қабылдау дағдыларын жеке-жеке жетілдіруге ынталандыру керек. Оқушылардың автордың көзқарасын тану; жалпылау, болжам, гипотеза, теория және дәлелдер қалыптастыратын мәтінді бағалау; жеке философияны тану; сонымен қатар тарихты жеке өмірмен байланыстыру олардың оқу үлгеріміне әсер ететінін, аталған дағдыларды меңгеруге қажеттілік бар екенін көрсетеді.

Оқушылардың үлгерім деңгейі мен әдеби шығармаларды қабылдау дағдыларының талдауы білім беру процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Оқушылардың күшті және әлсіз жақтарын анықтау, оларға қажетті қолдау көрсету және оқу бағдарламаларын жетілдіру арқылы әдеби білім мен дағдыларды дамытуға ықпал етуге болады. Бұл оқушылардың жалпы білім деңгейін арттыруға және сыни тұрғыдан ойлайтын, шығармашылық қабілеттері жоғары жеке тұлғаларды тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ – NIS-Programme білім беру бағдарламасы, Астана, 2023. – 82 б. [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.nis.edu.kz/storage/files/01JSJ0AVR7P2Y52X34W1RDZ3WC.pdf>

2 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре». - 2013. – Т.1 – 384 б. [Электронды ресурс]. – URL: [https://adebiportal.kz/kz/books/view/axmet-baitursynulynyn-alty-tomdyq-sygarmalar-zinagynyn-i-tomy\\_944](https://adebiportal.kz/kz/books/view/axmet-baitursynulynyn-alty-tomdyq-sygarmalar-zinagynyn-i-tomy_944)

3 Seifert C. The case for reading fiction // Harvard Business Review. – 2020. – Т. 6. [Electronic resource]. – URL: <https://hbr.org/2020/03/the-case-for-reading-fiction>

4 Frankman H. The importance of reading fiction // *The Mission*. – 2017. [Electronic resource]. – URL: <https://medium.com/the-mission/the-importance-of-reading-fiction-7f57546a229b>

5 Al-Mahrooqi R. Intercultural Communication and the Negotiation of Local and Foreign Cultures in the EFL // In book: *Bridging the gap between education and employment: English language instruction in EFL contexts*. - Peter Lang AG. – 2016. – С. 335-348. [Electronic resource]. – URL: (PDF) [Intercultural communication and the negotiation of local and foreign cultures in the EFL literature classroom](#)

6 Literary Appreciation: Definition, Elements, Approaches, Stages, Importance (May 31, 2022). [Electronic resource]. – URL: <https://www.pawnerspaper.com/2022/05/literary-appreciation-what-is-literary.html>

7 Minoo Alemi. The Use of Literary Works in an EFL Class // *Theory and Practice in Language Studies*. – 2011. - Vol.1. - No.2. - С. 177-180. DOI: <https://doi.org/10.4304/tpls.1.2.177-180>

8 Sukanya Kaowiwattanakul. CEFR Based Learning Approach: Using Literature to Enhance EFL Students' Reading Skills and Critical Thinking Skills // *English Language Teaching*. – 2021. - Vol.14. - No.11. – С. 66-79. [Electronic resource]. – URL: [EJ1318649.pdf](https://www.ejournals.org/ej1318649.pdf)

9 Kasumi L., Al-Rudainy K. Reading literature: teaching strategies and methods: Dissertation. – 2023. – 40 p. [Electronic resource]. – URL: <https://www.diva-portal.org/smash/record.jsf?pid=diva2%3A1800794&dswid=7960>

10 Haxhihseni S. Using Literature through the Curriculum, as a Way to Increase Children's Potential // *Academic Journal of Interdisciplinary Studies*. – 2013. – Т. 2. – №. 4. – С. 113-120. DOI: 10.5901/ajis.2012.v2n4p113

11 Courtney M. G. R. et al. Kazakh, Russian, and Uyghur child language literacy: The role of the updated curriculum on longitudinal growth trajectories in Kazakhstan // *Studies in Educational Evaluation*. – 2022. – Т. 75. – 101189. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.stueduc.2022.101189>

## REFERENCES

- 1 «Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri» DBBU – NIS-Programme bilim beru bagdarlamasy [AEO «Nazarbayev Intellectual Schools» – NIS Programme. Educational Programme]. (2023). Astana, 82 p. [Electronic resource]. – URL: <https://www.nis.edu.kz/storage/files/01JSJ0AVR7P2Y52X34W1RDZ3WC.pdf>. [In Kazakh].
- 2 Baitursynuly, A. (2013). *Alty tomdyk shygarmalar zhinagy* [Collected Works in Six Volumes], Almaty: El-shejire [Country genealogy], Volume 1, 384 p. [Electronic resource]. – URL: [https://adebiportal.kz/kz/books/view/axmet-baitursynulynyn-alty-tomdyq-sygarmalar-zinagynyn-i-tomy\\_944](https://adebiportal.kz/kz/books/view/axmet-baitursynulynyn-alty-tomdyq-sygarmalar-zinagynyn-i-tomy_944). [In Kazakh].
- 3 Seifert, C. (2020). The case for reading fiction. *Harvard Business Review*, 6. [Electronic resource]. – URL: <https://hbr.org/2020/03/the-case-for-reading-fiction>
- 4 Frankman, H. (2017). The importance of reading fiction. *The Mission*. [Electronic resource]. – URL: <https://medium.com/the-mission/the-importance-of-reading-fiction-7f57546a229b>
- 5 Al-Mahrooqi, R. A. H. M. A. (2016). *Intercultural Communication and the Negotiation of Local and Foreign Cultures in the EFL*. In book: Bridging the gap between education and employment: English language instruction in EFL contexts. Peter Lang AG. – 335-348 p. [Electronic resource]. – URL: (PDF) [Intercultural communication and the negotiation of local and foreign cultures in the EFL literature classroom](#)
- 6 Literary Appreciation: Definition, Elements, Approaches, Stages, Importance (2022). [Electronic resource]. – URL: <https://www.pawnerspaper.com/2022/05/literary-appreciation-what-is-literary.html>
- 7 Minoo Alemi. (2011). The Use of Literary Works in an EFL Class. *Theory and Practice in Language Studies*, Vol.1, No.2, 177-180. DOI: <https://doi.org/10.4304/tpis.1.2.177-180>
- 8 Sukanya Kaowiwattanukul. (2021). CEFR Based Learning Approach: Using Literature to Enhance EFL Students' Reading Skills and Critical Thinking Skills. *English Language Teaching*; Vol. 14, No. 11, 66-79. [Electronic resource]. – URL: [EJ1318649.pdf](#)
- 9 Kasumi, L., & Al-Rudainy, K. (2023). Reading literature: teaching strategies and methods: Dissertation, 40 p. [Electronic resource]. – URL: <https://www.diva-portal.org/smash/record.jsf?pid=diva2%3A1800794&dsid=7960>
- 10 Haxhihseni, S. (2013). Using Literature through the Curriculum, as a Way to Increase Children's Potential. *Academic Journal of Interdisciplinary Studies*, 2(4), 113-120. DOI: 10.5901/ajis.2012.v2n4p113 [https://www.researchgate.net/publication/311987139\\_Using\\_Literature\\_through\\_the\\_Curriculum\\_as\\_a\\_Way\\_to\\_Increase\\_Children's\\_Potential](https://www.researchgate.net/publication/311987139_Using_Literature_through_the_Curriculum_as_a_Way_to_Increase_Children's_Potential)
- 11 Courtney, M. G. R., Rakhymbayeva, Z., Shilibekova, A., Ziyedenova, D., Soltangazina, S., Muratkyzy, A., ... & Olzhayeva, A. (2022). Kazakh, Russian, and Uyghur child language literacy: The role of the updated curriculum on longitudinal growth trajectories in Kazakhstan. *Studies in Educational Evaluation*, 75, 101189. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.stueduc.2022.101189>

Абсатова М.Б.<sup>1</sup>, Қайратқызы Ж.<sup>2</sup>, \*Шора Н.Т.<sup>3</sup>, Кудайбергенова М.Б.<sup>4</sup>

<sup>1,2</sup> филиал «Центр педагогических измерений» АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»

<sup>3</sup> АО «НЦПК «Өрлеу»

<sup>4</sup> филиал «Институт профессионального развития по Туркестанской области» АО НЦПК «Өрлеу»

<sup>1, 2, 3</sup> Казахстан, Астана

<sup>4</sup> Казахстан, Туркестан

## РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ ВОСПРИЯТИЯ ЛИТЕРАТУРНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ У УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

### Аннотация

В статье представлены результаты исследования, направленного на оценку навыков восприятия литературных произведений учащимися. Чтение художественной литературы способствует развитию у школьников критического мышления, аналитических умений, письменной речи, а также формированию собственных убеждений, взглядов и мнений.

В ходе исследования оцениваются понимание литературных текстов и навыки восприятия художественных произведений школьниками, что способствует повышению уровня их литературной компетентности, умению работать с художественным текстом и выполнять разнообразные задания.

В исследовании приняли участие 1140 учащихся 12-х классов Назарбаев Интеллектуальных школ Казахстана. На основе группировки учащихся по различным параметрам рассматриваются такие аспекты, как освоение художественной литературы, соотнесение событий произведений с личным жизненным опытом, а также овладение литературными навыками. Отдельное внимание уделяется анализу взаимосвязи навыков восприятия литературного произведения и учебных достижений учащихся в области речевой деятельности. В результате исследования выяснилось, что навыки восприятия литературных произведений учащимися находятся на хорошем уровне, навыки распознавания авторской точки зрения и оценивания текста, на среднем уровне. Учащиеся показали хорошие результаты по предмету, а овладение навыками восприятия литературных произведений было разным в каждом классе. Установлено, что чем выше навыки восприятия литературных произведений, тем выше уровень знаний учащихся при изучении литературы. Выявляя сильные и слабые стороны учащихся, оказывая им необходимую поддержку и совершенствуя учебные программы, можно способствовать развитию литературных знаний и навыков.

*Ключевые слова:* литературные произведения, навыки оценки, цели обучения, речевая деятельность, успеваемость, грамотность, результаты.

Absatova M.B.<sup>1</sup>, Kairatkyzy Zh.<sup>2</sup>, \*Shora N.T.<sup>3</sup>, Kudaibergenova M.B.<sup>4</sup>

<sup>1,2</sup> The branch «Center for Pedagogical Measurements» under the AEO «Nazarbayev Intellectual Schools»

<sup>3</sup> JSC «National Center for Professional Development «Orleu»

<sup>4</sup> The branch «Institute for Professional Development in Turkestan Region»

<sup>1,2,3</sup> Kazakhstan, Astana

<sup>4</sup> Kazakhstan, Turkestan

## DEVELOPING STUDENTS' SKILLS IN PERCEIVING LITERARY WORKS IN KAZAKH LANGUAGE LESSONS

### *Annotation*

This article presents research on the assessment of students' perception skills when engaging with literary works. Through reading literature, students develop writing, critical thinking, and analytical skills, which also promote the formation and development of their own beliefs, opinions, and perspectives.

The study evaluates students' literary comprehension and perception of literary works, contributing to the improvement of their literary competence in reading fiction and completing various tasks.

The study involved Grade 12 students from Nazarbayev Intellectual Schools in Kazakhstan (N = 1140). The study examines the reading of fiction, the correlation of events in literary texts with students' personal experiences, and the development of literary skills through grouping and analysis. The relationship between students' perception of literary works and their performance in speech-related activities is analyzed. The results indicate that students' perception skills of literary works are generally at a good level, while the skills of identifying the author's viewpoint and evaluating the text are at a relatively average level. Students demonstrated good academic results in the subject; however, the level of literary perception skills varied across classes. It was established that the higher the level of literary perception skills, the higher the students' academic performance in literature. By identifying students' strengths and weaknesses, providing appropriate support, and improving curricula, it is possible to enhance the development of literary knowledge and skills.

*Keywords:* literary works, assessment skills, learning goals, speech activities, academic performance, literacy, results.

Редакцияға түсті: 06.09.2025

Рецензиялаудан кейін мақұлданды: 15.12.2025

Жариялауға қабылданды: 26.03.2026